

6. Статданные Нацстаткома КР «Социальные тенденции КР».- Б., 2010.
7. Финансы предприятий КР за 2003-2007 гг.

8. Воробьев И. Особенности кредитных отношений в аграрном секторе //АПК: Экономика, управление. 2001, октябрь.

М.А. Джоробаева

ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТӨЛЕМ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫС ЖАСАУЫНДА ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҚАЖЕТТІЛІГІ

Ұлттық банк мемлекеттің эмиссиялық орталығы болып, айналымға ақша белгілерін банкнота түрінде шығару мен оларды жоюдың басты құқығына иеленеді.

М.А. Dzhorobaeva

THE NEED FOR REORGANIZATION AND FUNCTIONING OF THE PAYMENT SYSTEM IN THE REPUBLIC OF KYRGYZ

National Bank is the issuing center of the country, has the sole right to the issuance and retirement of its currency in the form of banknotes.

Мемлекеттің фискалдық саясаты бағыттарының мемлекеттік бюджет жүйесіндегі орны

Г.К. Жәнібекова, М. Нұрмағамбетов

оль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан

Түйін. Мақалада үкіметтің фискалдық саясатының мемлекеттік бюджетті қалыптастырудағы және жалпы бюджет жүйесіндегі рөлі қарастырылады. Мақала бірқатар үкіметтік құжаттардың, статистикалық материалдардың және оқулықтар негізінде орындалған.

Мемлекеттің фискалдық саясатының басты міндеті болып – салық ставкаларын үкіметтің мақсатына сәйкес өзгерту саналады. Фискалдық саясатты жүргізу – еліміздің заңды органдарының ерекше құқығы, себебі бұлар мемлекеттік бюджетті қысқарту мен бекіту арқылы салық салуды және олардың жұмсалуын бақылайды.

Фискалдық саясат – экономикалық саясаттың негізгі құрамдас бөлігі және мемлекет міндеттемелері мен қызметтерін жүзеге асыру үшін, қаржы төңірегіндегі жүргізетін мақсатты бағытталған шаралар жинағы. Фискалдық саясат үкімет шығысы мен салықтар арасындағы реттеуші жүйе. Мемлекет фискалдық саясатты өндіріс құрылымын, аумақтың экономикалық дамуын, халықтың табыс деңгейін реттеу мақсатында, ұлттық табысты қайта бөлу кезінде қолданылады.

Фискалдық саясат мемлекетті қажетті қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету, ұлттық шаруашылықты реттеу процесіне қатысу, халықтың табыс деңгейлерінің теңсіздігі бары-

сында туындайтын келіспеушіліктерді шешу тәрізді міндеттерді атқарады [1].

Фискалдық саясат – бұл үкіметтің халықтың жұмыспен қамтылуын және инфляцияға бақылау жасауды қамтамасыз етуге бағытталған салық салу, мемлекеттік шығыстар, мемлекеттік бюджет саласындағы саясаты. Басқа сөздермен айтқанда, салық-бюджет саясаты – бұл мемлекеттік бюджеттің және салық жүйесінің көмегімен экономиканы тұрақтандыруға бағытталған саясат.

Салық-бюджет саясаты қаржы саясатының өзектік бөлігі және мемлекеттің экономикалық саясатының құрамдас бөлігі болып табылады. Салық салу мен мемлекеттік шығыстар саласындағы үкіметтің шаралары экономикалық өсуге, кірістерді бөлу мен кедейшілік деңгейіне аса зор ықпал етуі мүмкін, соның салдарынан олар, әдетте, экономикалық және саяси пікірталастардың ортасында болады.

Салықтар – бұл заңның негізінде қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін заңды және жеке тұлғалардан мемлекет алатын бюд-

жетке міндетті төлемдер. Салықтар кіріс алатын заңды және жеке тұлғалардың мемлекеттің қаржы ресурстарын қалыптастыруға қатысу міндеттерін білдіреді.

Салықтар – мемлекеттік бюджет кірістерінің негізгі көзі. Сондықтан бюджеттің кіріс бөлігінің мөлшері елеулі шамада екі шамаға – өз кезегінде төлем қабілеті бар экономикалық агенттердің санымен, мөлшерімен және жұмыс істеуінің тиімділігімен айқындалатын салық ауыртпалығы мен салық базасының шамасына тәуелді болады.

Экономиканың циклдық өзгерістерінің жігін жатқызуға, яғни қысқа мерзімді кезеңде экономиканы тұрақтандыруға бағытталған кез келген тұрақтандыру саясаты сияқты фискальдық саясаттың мақсаттары:

- тұрақты экономикалық өсуді;
- ресурстардың толық бос болмауын;
- бағаның тұрақты деңгейін ұстау болып табылады.

Фискальдық саясатты Үкімет жүргізеді. Фискальдық саясаттың құралдары жиынтық сұранысқа да (жиынтық шығыстардың шамасына), сондай-ақ жиынтық ұсынысқа да (фирмалардың шығындарының шамасы) әсер етеді.

Бюджеттік саясаттың құралдары болып мемлекеттік бюджеттің шығыстары мен кірістері, атап айтқанда, мемлекеттік сатып алу, салықтар, трансферттер әрекет етеді [2].

Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 2008 жылғы ақпандағы Жолдауында жаңа Салық кодексі «салық қызметтерінің оның нормаларын өз қалауларына түсіндірулерінен қорғайтындай, әкімшілендіру сапасы мен салық төлеушілер мүдделері үйлесетіндей тікелей іс-әрекет ету заңы сипатына ие болуы керек» деп атап көрсетті.

Жаңа Салық кодексін қабылдаудан болатын басты тиімділік – бұл бизнестің іскерлік бастамашылығын арттыру, салықтық әкімшілендіруді жақсарту, фискальдық тәртіпті арттыру [3].

Фискальдық саясат саласындағы экономиканың теңгермелі және сапалы өсуі мақсаттарын қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі мыналарды көздейді:

- елдің берілген даму параметрлеріне қол жеткізу, сондай-ақ жағдайдың өзгеруіне жеделден қою мақсатында фискальдық құралдарды тиімді пайдалану (бюджеттің шығыстары, салық жүктемесін, Ұлттық қордан бөлінетін кепілді трансферттің мөлшерін және бюджеттің тапшылығын және т.б. реттеу);

- салық және бюджет заңнамаларын жетілдіру;

- негізгі әлеуметтік-экономикалық бағыт-

тар бойынша бюджет шығыстарының айқын басымдықтарын белгілеу;

- орта мерзімді кезеңге арналған даму басымдықтарымен өзара байланысты мемлекеттік органдарда стратегиялық жоспарлауды дамыту.

Үкіметтің орта мерзімді фискальдық саясатының 2009-2013 жылдарға арналған негізгі бағыттары «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бюджеттік параметрлерінің 2009-2013 жылдарға арналған болжамы» деп аталатын ерекше құжатта ұсынылған. Ондағы арнайы бөлім салық-бюджет саясаты мәселелеріне арналған. Үкіметтің орта мерзімді фискальдық саясатын бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган, ал жергілікті деңгейде – бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын ескере отырып, Бюджет және Салық кодекстерінің, Үкімет бағдарламасының және елдің басқа да стратегиялық және бағдарламалық құжаттарының негізінде әзірлейді [2].

Фискальдық саясат алдағы орта мерзімді кезеңде ұлттық экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Фискальдық саясат саласында экономиканың теңгерімді және сапалы өсу мақсаттарына қол жеткізу үшін:

- елді дамытуға тапсырылған көрсеткіштерге қол жеткізу, сондай-ақ жағдайлардың өзгеруіне жеделден қою мақсатында фискальдық құралдарды тиімді пайдалану (бюджет шығыстары, салық жүктемелерін реттеу, Ұлттық қордың қаражатын және бюджет тапшылығы және т.б.);

- бұдан әрі салық және бюджет заңнамаларын жетілдіру;

- негізгі әлеуметтік-экономикалық бағыттар бойынша бюджет шығыстарының нақты басымдықтарын белгілеу;

- орта мерзімді кезеңге арналған даму басымдықтарымен өзара байланысты мемлекеттік органдарда стратегиялық жоспарлауды дамыту көзделеді.

Экономикалық өсуді басқаруға көшу жағдайларында бюджет шығыстарының экономиканың өсуі бойынша нысаналы қондырғылардың орындалуын қамтамасыз ететін салалар дамуының болжамды көрсеткіштерімен тығыз байланысы қамтамасыз етіледі.

Салық саясатын жүргізу және түсімдерді болжамдау бойынша мемлекет басшысының 2008 жылғы 6 ақпандағы «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына

жыл сайынғы Жолдауының шеңберінде берген тапсырмасын орындау үшін жаңа Салық кодексі қабылданды, ол экономиканың жаңғыруы мен әртараптануына, бизнестің «көлеңкеден» шығуына ықпал ететін болады.

Жаңа Салық кодексі:

- тікелей әсер ететін заң қағидаттарын іске асыруды;

- экономиканың шикізат емес секторына түсетін жалпы жүктемені азайтуды;

- экономиканы жаңғырту мен әртараптандыруға ықпал ететін жағдайлар жасауды;

- салықтық әкімшілендіруді жетілдіру және салық рәсімдерін жеңілдету есебінен бизнесті жүргізу жағдайларын жақсартуды көздейді.

Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету, бизнестің бәсекеге қабілеттілігін ынталандыру, бизнестің «көлеңкеден» шығуы және салықтық әкімшілендіруді одан әрі жетілдіру үшін мемлекеттің 2009-2013 жылдарға арналған салық саясаты мыналарға бағытталатын болады:

- елдің бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге мүмкіндік беретін бәсекелі салық жүйесін құру;

- салық жүйесін Қазақстан дамуының жаңа кезеңінің міндеттеріне сәйкес келтіру, бұл экономиканы жаңғыртуға және оны әртараптандыруға ықпал етуге тиіс;

- жеңілдіктерді оңтайландыру және тиісінше экономиканың шикізаттық емес секторына салық жүктемесін азайту, заңды тұлғаларға салық салуды халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру;

- қосылған құн салығын алдыңғы қатарлы әлемдік практикаға сәйкес келтіру;

- импортқа және ішкі өндіріске арналған акциздердің ставкаларын бір ізге түсіру;

- жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу жүйесін реформалау;

- әкімшілендіру рәсімдерін оңайлату, салық қызметтерінің сапасын және салық рәсімдерінің ашықтығын арттыру, салық есептілігінің мөлшерін қысқарту, салық тексерулерін тәртіпке келтіру.

Мына нормалар Салық кодексінің негізгі аса маңызды және тұғырнамалық сәттері нормалары болып табылады:

- корпорациялық табыс салығының ставкаларын кезең-кезеңмен төмендету, атап айтқанда 2009 жылы 20 пайызға дейін, 2010 жылы 17,5 пайызға дейін және 2011 жылы 15 пайызға төмендету;

- инвестициялық салық преференциялары тек корпорациялық табыс салығы бойынша ғана берілетін болады. Жеңілдік үш жылға дейінгі кезең ішінде инвестицияларды жедел-

детіп шегеру түрінде жүргізілетін болады.

Сонымен бірге, залалдарды ауыстыру мерзімі 3 жылдан 10 жылға дейін ұзартылады, бұл инвестициялық жеңілдікті тездетіп есептен шығару басымдықтарын пайдалануға толық көлемде мүмкіндік береді;

- қосылған құн салығының ставкасы 2009 жылдан бастап 12 пайызға тең болады.

2009 жылдан бастап сатып алушыларға төленген ҚҚС сомасынан өнім берушілер төлеген ҚҚС сомасының, яғни «дебеттік» сальдо сомасының артығын қайтару туралы ереже енгізілетін болады. Бұл шара салық төлеушінің, әсіресе негізгі қаражатты жаңғырту және жаңарту кезеңінде өнім берушілерге төленген ҚҚС түріндегі айналым қаражатының тұрып қалуын болдырмауға бағытталған.

Әлемдік қаржы дағдарысының салдарынан экономиканы тұрақтандыру жөніндегі бүгінгі жағдайда Салық кодексінде қаржы секторына салық салуға қатысты бірқатар мәселелер көрініс тапты.

Атап айтқанда, 2009-2011 жылдар кезеңіне левередждің (жеткілікті капиталдандыру ережесі) шекті коэффициентін қаржы ұйымдары үшін 7-ден 9-ға, өзге де заңды тұлғалар үшін 4-тен 6-ға ұлғайту есебінен сыйақы шегерімінің мөлшері ұлғайтылды.

Шағын кредиттік ұйымдарға салық кезеңі ішінде берілген кредиттер сомасының 15%-ынан аспайтын күмәнді шағын кредиттерге қарсы резервтер жасау бойынша шығыстар сомасын шегеру құқығы берілді.

Жер қойнауын пайдаланушыларға салық салу жүйесі реформаланды. Жер қойнауын пайдалану бөлігінде роялти төлеуді пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықпен ауыстыру көзделген. Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты есептеу әлемдік баға бойынша есептелген жер қойнауын пайдаланушылардың өндірген пайдалы қазбалары көлемінің құнынан жүргізілетін болады. Бұл ретте, рентабелділігі төмен, суландырылған, аз дебетті және өндірілген кен орындарын өндіретін жер қойнауын пайдаланушылар үшін жеңілдік ставкалары Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен белгіленетін болады. «Тенгизшевройл» ЖШС келісім шарттары мен қолданыстағы Өнімді бөлу жөнінде келісімдерден басқа барлық жер қойнауын пайдаланушылар үшін келісім шарттардың салық режимінің «тұрақтылық» ережесі алынып тасталынды.

Әлеуметтік салықты реформалау шеңберінде 13-тен 5 пайызға дейінгі ставкалары бар кемімелі шәкілден 11 пайыздық ставкасымен жайпақ шәкілге өту жүзеге асырылуда. Жеке

табыс салығы бойынша бірыңғай ставка 10 пайыз деңгейінде сақталынды.

Сондай-ақ, Салық кодексінде мүлік салығын реформалау көзделген, мысалы, мүлік салығына салық салу объектілері барлық мүліктен жылжымайтын мүлікке дейін қысқартылды, құны 120 млн. теңгеден жоғары қымбат бағалы мүлікке ставкалары 0,5-тен 1 пайызға дейін арттырылды, сондай-ақ көлік құралдарының салығын есептеу барысында автокөлік құралдарының түзету коэффициенттері алып тасталды.

Мемлекет Басшысы Қазақстан халқына Жолдауында салықтық әкімшілендіруді Қазақстан дамуының жаңа кезеңінің болмысына сәйкес келтіру жөнінде міндет қойылған. Салықтық реформалардың басқа бағыттарымен қатар жаңа Салық кодексі тікелей әрекет ету заңы болуы тиіс екендігі айқындалған, бұл ретте, әкімшілендіру сапасы мен салық төлеушілердің мүдделерін үйлестіру қажет. Осыған байланысты, Салық кодексіне салық салу саласындағы нормативтік құқықтық актілер барынша қосылды, салық рәсімдері жеңілдетілді.

1-кесте

ЖІӨ-ге мемлекеттік бюджет кірістері қатынастарының құрылысы

ЖІӨ-ге мемлекеттік бюджет кірістері, пайызбен					
Көрсеткіштер атауы	2009 жыл	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл
Кірістер	13,4	12,0	11,5	11,2	10,9
Салықтық түсімдер	12,7	11,3	10,9	10,6	10,3
Салықтық емес түсімдер	0,4	0,4	0,3	0,3	0,3
Негізгі капиталды сатудан түсімдер	0,3	0,3	0,3	0,3	0,3

Мәлімет көзі: Экономикалық даму және сауда министрлігінің мәліметтері негізінде құрастырылған

Кірістер түсімдерінің болжамы бойынша 2009-2013 жылдарға арналған мемлекеттік бюджет кірістері жаңа Салық кодексінің экономиканың шикізат секторына салық жүктемесін төмендетуді қарастыратын ережелерін есепке ала отырып, орта мерзімді кезеңде макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамды өлшемдері негізінде айқындалды.

Кірістер есебінде мемлекеттік басқару және мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің жалақыларын 2009 және 2010 жылдары 25 пайызға, 2011 жылы 30 пайызға көбейту және Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына аударымдарды 2009 жылы 3 пайыздан 4 пайызға дейін және 2010 жылы 5%-ға дейін ұлғайту нәтижесінде әлеуметтік салық түсімдерінің төмендеуі және 2009-2013 жылдары ең аз жалақыны ұлғайту ескерілді.

2009-2013 жылдарға арналған Ұлттық қорға бағытталатын бюджетке түсетін түсімдер көлемінің болжамы макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамдаған өлшемдері негізінде құралды: мұнай өндіру, мұнайдың әлемдік бағасы, АҚШ долларына теңге бағамы, сонымен қатар өткен жылдарға түсімдер серпіні, ағымдағы жағдайды талдау.

2009 жылы Ұлттық қорға тікелей салықтар түсімі ЖІӨ-ге 7,1%, 2010 жылы – ЖІӨ-ге 7,1 пайыз, 2011 жылы - 6,7%, 2012 жылы – 6,1%, 2013 жылы – 5,6% деңгейінде болжамдалады.

Орта мерзімді кезеңдегі бюджет саясаты макроэкономикалық тұрақсыздық, күш пен ресурстарды жұмылдыру, барынша тиімділікті

іздеу жағдайында Үкіметтің дағдарысқа қарсы шараларын іске асыруға, яғни елдің дамуының стратегиялық бағамын бақылай отырып орта мерзімді кезеңде мақсатқа жетудің барынша төмен шығынды жолдарына бағытталған.

Орта мерзімді кезеңде жүргізілетін шығыстар саясаты әлеуметтік-экономикалық саясаттың барынша басым бағыттарын іске асыруға, бюджет шығыстарының, олардың әрбір мемлекеттік органның стратегиялық жоспарлауының сапасын жақсарту есебінен түпкілікті нәтижелерге бағытталуымен тиімділігін арттыруға бағытталатын болады.

Шығыстар саясаты алдағы кезеңде мынадай бірқатар шектеулерді ескере отырып, анықталатын болады:

- бюджет шығыстарының теңгерімділігін қамтамасыз ету;

- ішкі нарықты жеткілікті деңгейде борыш-қорлық құралдармен қамтамасыз ететін көлемде бюджет тапшылығының орнын толтыруға бағытталған қарыз алуды жоспарлау;

- елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттарының бірінші дәрежелі рөлі.

2009-2013 жылдары инвестициялық саясат экономикаға және халықтың жұмыспен қамтылу деңгейін қолдауға барынша мультипликативтік әсер көрсететін жобалардың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғандағы барынша маңызды бағыттарға қайта бағдарлауды есепке ала отырып нақты басымдықтар аясында жүзеге асырылатын болады.

Шығыстардың жоспардағы деңгейін қамтамасыз ету Ұлттық қордан кепілді трансферт мөлшерін және бюджет тапшылығын реттеу үшін қарыз алу арқылы қамтамасыз етілетін болады.

2009-2013 жылдарға арналған кепілді трансферт көлемдерінің болжамы елдің макроэко-

номикалық дамуының негіздемелік сценарийіне және мемлекеттік шығыстардың болжамына сәйкес айқындалған, 2009-2011 жылдарға арналған Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттер көлемі тиісті кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заңда бекітілген.

2-кесте

2009-2013 жылдары Ұлттық қордан республикалық бюджетке кепілді трансферттердің көлемі

Көрсеткіштер атауы	2009 ж	2010 ж	2011 ж	2012 ж	2013 ж
Республикалық бюджетке кепілді трансферт, млрд. теңге	843,1	1075,7	1089,9	1000,4	1 000,0
Республикалық бюджетті әзірлеудің алдындағы жылдың қаржылық жыл аяғындағы Ұлттық қордың активтеріне қарағандағы үлесі, %	30,8	32,9	33,3	30,6	27,7
Ұлттық қордан берілетін мақсатты трансферттер	347,9	273,2			

Мәлімет көзі: Экономикалық даму және сауда министрлігінің мәліметтері негізінде құрастырылған

Ұзақ мерзімді перспективада Ұлттық қор активтерінің «сарқылуына» жол бермеу саясаты жалғасатын болады, соған сәйкес кепілді трансферт мөлшері республикалық бюджет әзірленетін алдыңғы жылдың жыл соңына Ұлттық қор активтерінің үштен бір бөлігінен аспайды.

Бюджет тапшылығы және бюджет тапшылығын қаржыландыру. Мемлекеттік бюджет тапшылығының өлшемдері мұнай емес тапшылықтың болжамды көлемдеріне сүйене отырып бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету қажеттігін есепке ала отырып айқындалған.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің саясаты елдің борышын басқарудың бірыңғай және тиімді жұмыс істейтін жүйесін құруға бағытталған.

Үкімет мемлекеттік және жалпы сыртқы борышты басқару тұжырымдамасына сәйкес Үкіметтің, жергілікті атқарушы органдар мен Ұлттық Банктің борыштарымен бірге мемлекеттік сыртқы борышты басқару деңгейін арттыруға бағытталған шаралар қабылданатын болады.

Мемлекеттік бюджет тапшылығының және мұнай емес тапшылықтың серпіні (ЖІӨ-ге пайызбен). Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының орта мерзімді перспективаға арналған қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасына сәйкес үкіметтік қарыз алу саясаты Ұлттық қордың активтерінің нарықтық құнына қатысты кепілді борышты есепке ала отырып үкіметтік қарыздың 50-70 пайыздық арақатынасына қол жеткізуге бағдарланған.

Мемлекеттік қарыз алу мен борыш көлемі жоспарлау бәрінен бұрын үкіметтік қарыз алудың, оған қызмет көрсету шығындары мен

тәуекелдің оңтайлы деңгейін қалыптастыруды есепке ала отырып мына мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған:

- Кірістілік қисығын құру үшін қор нарығында тиісті бағдарды бекіту үшін айналымдағы қажетті құрылымымен мемлекеттік бағалы қағаздардың жеткілікті көлемін қолдау;

- Қарыз нарығында, әсіресе, инфрақұрылымдық облигацияларда жинақтаушы зейнетақы қорларының және қор нарығының басқа да қатысушыларының қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін баламалы құралдардың дамуы, бұл өз кезегінде қайталама нарықта мемлекеттік құнды қағаздар секторында сауданың жандануына әкелуге тиіс.

Үкіметтік қарыз алу тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілген үкіметтік борыш лимитімен шектелетін болады.

Әдебиеттер

1. Мұхамбетова З.С. Қазақстан Республикасының рыноктық экономикадағы фискалдық саясатының теориясы мен оны жүзеге асыру механизмі: Қазақ тұтыну одағының Қарағанды Экономикалық Университеті. – Қарағанды: 2003. –132б.
2. Қазақстанның жаңа бюджеттік саясаты. - Астана: Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ, компания «Профи Полиграф» баспасы, 2008. – 211 б.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан халқының әлауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы. Астана, 6 ақпан, 2008. //http://www.akorda.kz

4. «Қазақстан Республикасының 2009-2013 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының және бюджеттік параметрлерінің болжамына» өзгерістер Қазақстан

Республикасы Үкіметінің отырысында мақұлданған 2009 жылғы 24 наурызындағы № 13 хаттама.
// www.minplan.kz

Г.К. Жанибекова, М. Нурмагамбетов

МЕСТО НАПРАВЛЕНИЙ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ФИСКАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ В ГОСУДАРСТВЕННОЙ БЮДЖЕТНОЙ СИСТЕМЕ

В статье рассматривается роль фискальной политики правительства РК в формировании бюджета и тем самым в регулировании экономики в целом. Статья написана на основе правительственных документов и статистических данных а также учебной литературы.

G. Zhanybekova, M. Nurmagambetov

LOCATION DIRECTIONS OF THE STATE FISCAL POLICY IN THE STATE BUDGET SYSTEM

This article describes the main role of fiscal policy of government in forming of state budget and regulation of economy in general. The article is written on the basis of government documents and statistical dates, textbooks.

Налогообложение как инструмент снижения неравенства

А.К. Кансеитова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан

Аннотация. Статья посвящена проблеме неравенства в распределении дохода в стране и влияние на него индивидуального подоходного налога с физических лиц. Особое внимание в работе уделено изучению научной литературы российских авторов, посвященных данной тематике, определению и исследованию с научной точки зрения поднятой проблемы.

В настоящее время и для Казахстана и для России характерна высокая степень расслоения на богатых и бедных, что является одной из наиболее актуальных социальных проблем. Современные исследования выявили, что чрезмерное неравенство населения выступает не только дестабилизирующим фактором, создающим потенциальную угрозу возникновения конфликтов, но и негативно влияет на экономические и демографические показатели страны, воздействуя на производственную мотивацию. Опыт развитых стран показывает, что определенная степень равенства по доходам может существовать даже при рыночной экономике и достигается оно во многом благодаря соответствующей социальной политике государства, основанной на существенной доле социальных расходов в бюджете и эффективной системе налогообложения доходов населения. Подоходный налог с физических лиц является составной частью налоговой системы государства, призванной осуществлять не только фискальную функцию,

но и содействовать решению стоящих перед страной социально-экономических задач. Эффективная система налогообложения должна стимулировать экономическую активность граждан, а также способствовать перераспределению доходов в обществе в целях недопущения резкой дифференциации в уровне жизни населения и, как следствие, возникновения социальной напряженности в обществе.

Казахстан относится к странам со средним уровнем экономического неравенства. Коэффициент Джини, который позволяет увидеть, сколь велика разница в доле доходов у разных слоев населения, в 2010 году составил по данным Агентства по статистике РК 0,278. Спецификой же Казахстана (и России тоже) является различный уровень расслоения в зависимости от региона проживания. Одна из причин сильного неравенства заключается в высокой разнице доходов, которые имеют разные категории граждан. В Казахстане в 2010 году в структуре доходов населения по данным ежегодного обследования домохо-